

Қара Арна ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 05 наурыздағы № 16 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы Қара Арна ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 шілдедегі № 36 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 шілдеде № 4205 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жылыой аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысының 2018 жылғы 20 маусымдағы № 108 ұсынысына сәйкес ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қара Арна ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 05 наурыздағы № 16 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4074 тіркелген, 2018 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қара Арна ауылдық округі әкімі
міндетін уақытша атқарушы*

С. Сенгірбай